**Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік медицина университеті**

# Студенттің өзіндік жұмысы

**Кафедра:** Әлеуметтік саяси пәндер кафедрасы
**Мамандығы**: Жалпы медицина
**Дисциплина:** Философия
**Тақырыбы:** Жаһандық мәселелердің құрылымы және болашақ мәселесі.
**Тобы:** 202 «А»
**Орындаған: Ергалиева А.Г.**
**Тексерген: Шәмші Б.И.**

**2017 жыл**

# Жоспары:

I. Кіріпе
II. Негізгі бөлім
- Жаһандану мәні
- Қазіргі жаһандану мәселесі
- Болашақ мәселесі
III. Қорытынды
IV. Пайдаланған әдебиеттер тізімі

**ЖАҺАНДАНУ**

# Кіріспе:

**Ғаламдану ,әлемдік, аукымдану ,глобализация (ағылш.*Global* — әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.**

**Жаһандану терминін ғылыми айналымға алғаш рет енгізген (1983 жылы) америкалық экономист Теодор Левитт.**



(1925 - 2006)

Жаһанданудың құрамдас бөліктері:

“менталдық” немесе мәдени жаһандану

экономикалық жаһандану

аумақтық жаһандану

ақпараттық-коммуникациялық Жаһандану

этникалық Жаһандану

# Жаһандану

***Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі. Қоршаған орта, түпкі ресурстар (энергия, су, азық-түлік), демография, көші-қон толқындары, есірткі тасымалы, халықаралық терроршылдық пробле малары жекелеген елдер күшімен шешілуі мүмкін емес.***

**Ғаламдық мәселелер -** (франц. global - баршаға ортақ) - адамзаттың бұдан былайғы тағдыры және әлеуметтік дамуы шешілетін аса маңызды мәселелер жиынтығы. Қазіргі өркениетке тән құбылыс-ғаламдық қауіпқатердің әршуі. Олар әртүрлі және күннен-күнге үдей түсуде.

Ғылыми әдебиеттерде бұл мәселелер **үш топқа** жіктеледі:

**1. Халықаралық қатынастар саласымен байланысты мәселелер:**

- Соғыс және бейбітшілік мәселелері;
- Этнологиялық мәселелер;
- Дамушы елдердің экономикалық артта қалуын жеңу мәселесі;
- Космос пен Әлемдік мұхитты бейбіт игеру мәселелері;

**2. Жеке тұлға мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынасқа байланысты мәселелер:**

- Демографиялық мәселе;
- Аштық пен тоя тамақтанбаумен күрес мәселесі;
- Ғылыми-техникалық дамудың жағымсыз салдарын жою мәселелері; аса қауіпті індеттерді жою мәселесі;
- Рухани ортаны және адамзаттың мәдени әркелкілігін қорғау мәселесі;

**3. Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасқа байланысты мәселелер:**

- Экологиялық;
- Шикізаттық;
- Энергетикалық;
- Ауа райы және т.б. мәселелер.

***<u>Ғаламдық мәселелерді шешудің басты шарты -</u>*** әлемдік қауымдастықтың мақсатты түрде келісілген саясат жүргізуі. Оның мынадай стратегиялық аса маңызды екі бағытын атап көрсетуге болады: ғылыми-техникалық саясат және қазіргі халықаралық қатынастарды реформалау. Алғашқысы экология-лық, шикізаттық, энергетикалық және т.б. қолданбалы сипаттағы мәселелерді шешуге ғылыми-техникалық алғышарттар жасауды, ал, екіншісі әлемдік қауымдастықты әділ демократиялық негізде реформалауды көздейді



Жаһандық энергетика
Кедейлілік
Адамзаттың жаһандық мәселелрі
Демография
Азық-түлік

**Жаһандық энергетика мәселесі** - дамзатты қазіргі кезде және жақын болашақта энергия мен отынмен қамтамасыз ету проблемасы. Бұл проблеманың шығуының негізгі себебі XX ғасырда минералды отынды пайдалануының күрт өсуі

**Демографиялық мәселе** екі түрлі көрініс табады; дамушы елдердегі демографиялық күрт өсу және дамыған кезеңдердегі елдердің демографиялық картаюы. Дамушы елдердегі демографиялық өсудің шешімі-экономикалық даму қарқынының дамуын жоғарылатып, халық санының өсу қарқынын төмендету болса, дамыған кезеңдердегі елдердің демографиялық картаюының шешімі-эмиграция мен зейнетақы жүйесін реформалау.

**Кедейлік мәселесі** - жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілерінің бірі. Кедейлік-мемлекеттің сол елдегі адамдарды ең қарапайым және ең арзан өмір жағдайымен қамтамасыз ете алмауы. Әсіресе дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабтары тек ұлттық емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты дамуға да үлкен қауіп тудырады.

**Азық-түлік мәселесі** - қазіргі кездің өзінде адамдардың өзін-өзі өмірлік маңызы бар азық-түлікпен толық қымтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе неғұрлым төмен дамыған елдерде азық-түліктің абсолютті жетіспеушілігі деп танылса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігі болып табылады. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді қолдану, ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресске және мемлекет тарапынан қолдау деңгейіне тікелей тәуелді.



# Қорытынды

***Жаһандық мәселелер*** дегеніміз шешімі өркениеттің ары қарай өмір сүруіне әсер ететін мәлелердің жиынтығы болып табылады. Олар қазіргі заман адамының өмірінің дамуының әркелкілігі мен адамдардың әлеуметтік – экономикалық, саяси – идеологиялық арақатынасында пайда болатын қарама – қайшылықтардың себебінен туындайды. Бұл мәселелер жалпы адамзаттың өміріне әсер етеді.

# Пайдаланған әдебиеттер тізімі:


1.Әлемдік философиялық мұра : 20 томдық / [ред. Ә. Нысанбаев].- Алматы: Жазушы.

2. Чанышев А.Н. Курс лекций по древней философии. М., 2001

3.Әлеуметтік желі

4. А.Қасабек Тарихи-философиялық таным. Оқу құралы. Алматы. ҚазГЗУ.2002.

5. Кішібеков Д.Сыдықов Ұ. Философия. А., 2002

6. Иманқұл Н. Философия әлемінде: болмысы мен тарихы.